

**Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу
сынағына дайындық есебі
2022-2023 оқу жылы**

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2022 жылғы 29 тамыздағы №85 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ББЖМ - не дайындықты жетілдірудің 2022 - 2023 оқу жылына арналған іс - шаралар жоспары жасақталды.

2022 - 2023 оқу жылы бойынша 4 сыныпта -29, 9 сынып оқушыларының саны - 20. Сынып - жинақ саны - 4

2021-2022 жылы өткен ББЖМ сынағының қорытындысы 4 сыныпта орташа балл – 20,92; 9 сыныпта – 47,08 құрады. Бұл дегеніміз 4 сыныпта - 66%, 9 сыныпта – 78 % білім сапасын көрсетті.


2021-2022 жылы өткен ББЖМ сынағының қорытындысын талдау нәтижелері бойынша пән мұғалімдері ББЖМ дайындық жоспарын құрды. Бекітілген жоспар бойынша сабақ барысында және сабақтан тыс қосымша жұмыстар өткізілді. Сабақ барысында деңгейлік тапсырмалар, жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастыру, тест жұмыстары жүргізілді. Сыныптар арасында сайыстар ұйымдастырылды. Біріккен ашық сабақтар өткізілді. Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша көмек ұйымдастырылып, қатемен жұмыс жүргізіп, 1-3, 5 – 8 сыныптарда өткен оқу материалдарын қайталапты. 4, 9 сынып оқушыларының сабақтарына қатысу, оқушы білім деңгейін бағалау, саралауда бірлестік жетекшілерімен әдіскер бірлесе жұмыс жасап, қорытындысы кеңестерде айтылып отырды.

ББЖМ – ға дайындауда 4, 9 сынып оқушыларының тізімі жасалды, ата – аналарға, педагог қызметкерлерге, оқушыларға арналған бұрыш ұйымдастырылды. Пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастырылды. Ата – ана, оқушыларға ББЖМ бойынша түсіндіру жұмыстары жиналыстарда жүргізілді.

4, 9 сынып оқушыларының даму деңгейін анықтау және психологиялық жағдайларын бақылауда мектеп психологы тренингтер жүргізді. Мұғалімдер оқушылармен білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу сынағына арналған арнайы дайындық оқу – әдістемелік құралдары бойынша дайындық жұмыстарын жүргізді.

Биылғы оқу жылында біздің мектеп ББЖМ тапсыратын мектептер қатарына енгізілмеді. Соған қарамастан оқушылардың білім сапасын әрі қарай көтеру жұмысын жалғастыру тапсырылды. Келесі оқу жылына міндеттер белгіленді:

- 2023 жылдың қыркүйек айында ББЖМ дайындық жоспарын құру.
- Оқушылар, ата – аналар және мұғалімдермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Оқушылармен компьютерлік бағдарламалармен жұмыс ітеу қабілеттерін арттыру жұмыстарын жүргізу.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Смайлова С.Қ.